



ОНЛАЙН ЖАЗЫЛУ

1931 жылдың
4 қазанынан бастап шығады

Қ А Р А Ғ А Н Д Ы О Б Л Ы С Т Ы Қ Қ О Ғ А М Д Ы Қ - С А Я С И Г А З Е Т

www.ortalyq.kz

www.instagram.com/ortalyq.kz/

www.facebook.com/ortalyq.kz/

info@ortalyq.kz

• ҮКІМЕТ ОТЫРЫСЫ

Жаңа дәуір жауапкершілігі

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен Үкіметтің кеңейтілген отырысында алдағы кезенге арналған негізгі міндеттер белгіленді. Әр саланы қамтитын бұл міндеттер, әлбетте, халықтың әлауқатын жақсартып қана қоймай, ел экономикасын едәуір ілгерілетуге мүмкіндік бермек. Мемлекет басшысының сегіз тапсырмасы Үкіметтің жеке құрамы үшін ғана емес, әр қазақстандық үшін маңызды екені сөзсіз. Себебі, жаңа дәуірдің сын-қатерлері кезеңінде өмір сүріп, оны еңсеру керек болғанда, «бір жағадан – бас, бір жеңнен – қол» шығарып, жүкті жұмыла көтергенде ғана діттеген мақсатқа жетуге болатыны анық. Ал, бұл ретте Үкімет шешімдер қабылдаумен бірге оны іске асыруы тиіс. Әлбетте, бұған дейін атқарылған істерді жоққа шығара алмаймыз. Нәтижесін көріп те келеміз. Соған қарамастан, әлі де олқылықтар жоқ емес. Ал, Үкіметтің кеңейтілген отырысында айтылған, өзекті мәселеге негізделген сегіз басымдық бнылығы жылдың негізгі векторы болмақ.



тиіс. Бұл – жоғары білікті әрі жауапкершілік алуға дайын мемлекеттік қызметшілердің қолынан келетін жұмыс. Әлемдік тәжірибеге қарасақ, мемлекеттік аппараттың тиімділігі осындай күрделі кезеңдерде айқын көрінеді. Үкімет қаншалықты қиын болса да, жаппай үнемдеуге көшіп, бюджет қаржысын тек қана аса өзекті мәселелерді шешуге жұмсауы керек. Көріпте қарай көсілетін уақыт келді. Орынсыз шығынды тоқтатып, аяғымызды тартып басу қажет, – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев айтқан сегіз міндеттің біріншісі – экономиканы әртарапандыру. Былтыр өңдеу өнеркәсібі саласындағы өсім 6 пайызға жуықтағанымен, Үкімет әлі де болса, инвестиция саласындағы жұмысты күшейтуі қажет. Бұл ретте бюрократиядан арылу – маңызды.

– Үкімет басы артық бюрократиядан арылып, жедел жұмыс істеуі керек. Мемлекеттік қызметшілердің құлықсыздығы және жауапкершілік алудан тайсалыуы келісу рәсімдері мен шешім қабылдаудың тым

ұзаққа созылуына себеп болып отыр. Мұны ашық айтқан абзал, – деді Президент.

Жалпы, елімізде бюджет тапшылығы бар. Ол үшін Президент сапалы инвестиция әкелетін жауапкершілігі жоғары инвесторларға қосымша жеңілдіктер беру мәселесін қарастырып жөн екенін айтады.

– Үкімет инвесторды іздеуге, қолдауға және қорғауға қатысты жұмыстың бәрін жүйелі жүргізетін біртұтас эжеүйе құруы қажет. Бұл жұмыс барлық деңгейде, яғни аймақта, орталықта және шетелде бірдей атқарылуы керек. Осы орайда шетелдік және отандық инвесторларға қатысты ұстаным бірдей болуы қажет. Мемлекеттің қолдауына ие болған компанияларға тиісті талап қойылуы керек. Олар жұмыс орындарын сақтауға, өндірісті жаңғыртуға тиіс. Сонымен бірге, экология талаптарын мұлткісі орындауға міндетті, – деді Мемлекет басшысы.

Осы орайда Қасым-Жомарт Кемелұлы отаншылдықты жетілеу еткен жалған ұрандар орынсыз екенін де нақты айтты.

• ОҚУ ОРЫНДАРЫНДА

Ғылым мен өндіріс ұштасқанда

Ә.Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті автотехника мен арнайы техника шығаратын QazTehna компаниясымен ұзақмерзімді ынтымақтастық жөнінде уағдаласты.

Аяулым СОВЕТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Стратегиялық әріптестік ғылым, білім және өнеркәсіп байланысын күшейтуге бағытталған. Бұл өңірдің кадрлық әлеуетін дамытуға ықпал етуі тиіс. Осы мақсатта университет қызметкерлері зауытта болып, өндіріспен танысты.

– Келісім аясында «QazTehna» ЖШС зауытының базасында университет филиалын ашу жоспарлануда. Бөлімше ғылыми-практикалық жұмыстарды іске асыру, өндірістің техникалық тапсырмалары бойынша жобаларды орындау және инженер-конструкторлар мен инженер-технологтар сияқты жоғары білікті мамандарды даярлау алаңына айналады, – деді Қарағанды техникалық университетінің оқытушылары.

Мамандардың айтуынша, Қарағанды техникалық университеті бүгінде тек білім беру мекемесі ғана емес. Бұл өнеркәсіпті өзгертетін ғылыми инновациялар туатын, әлемді өзгертуге қабілетті жаңа инженерлік-техникалық шешімдер әзірленетін орталық. Оны аймақтың ғылыми жүрегі және инженерлік кадрларды даярлаудағы флагман деп атауға болады.

Ынтымақтастық бакалавриат, магистратура және докторантура бойынша даярлықтың барлық деңгейлерін қамтиды. Студенттер мен оқытушылар пәнаралық жобаларға қатысу мүмкіндігіне ие болады.

Университетте сондай-ақ, студенттер мен магистранттардың қатысуымен жолшығару автобусының прототипін жасау жобасы талқыланды. Үлгіні таңдай отырып, материалдарды іріктеуден, бөлшектерді құюдан бастап толық құрастыруға дейінгі барлық процестермен айналысатын команда анықталды.

► 2-бет

Диабет дендеген қоғамға айналмас үшін

Жақында өңірде диабеттік табан орталығы ашылды. Мұндай қадамға себеп – аймақта қант диабетімен ауыратындардың қатарының көбеюі. Соңғы екі жылда 19%-ға өсіпті. Дерек бойынша жыл сайын үш мың адамнан қант диабеті анықталады. Сондықтан, дерттің алдын алу мен науқастарды бақылау шараларына жіті көңіл бөліне бастады.

Жансая ОМАРБЕК,
«Ortalyq Qazaqstan»

Қант диабеті адамның өмірін бұзады. Асқынса, науқасты мүгедектікке алып келуі де мүмкін. Денсаулық сақтау басқармасының дерегіне, өңірде қант диабетімен 40 мың тұрғын ауырады. Оның 1800-і инсулинге тәуелді. Бұл – аурудың асқынған сатысы. Дерт мендеген жүзге жуық науқастың аяқ-қолына ота жасалып, ампутиацияланған. Облыстық клиникалық аурухана базасында ашылған диабеттік табан орталығы дәл осындай науқастарға көмек береді.

Орталық басшысы Евгений Морозов: «Мұндай орталық бұдан ертерек ашылуы керек еді» деп санайды. Себебі, қант диабетінің асқынуларынан зардап шегетіндер аймақта көп.

– Былтыр облыстық клиникалық аурухананың хирургиялық инфекция бөлімі меңгерушісі болған кезімде 945 науқас емделіп шықты, соның 46%-ы, 450-і қант диабетінің асқынуларынан зардап шек-

кендер. Өңірде қант диабеті аурулары мен олардан туындайтын асқынулар өзекті мәселеге айналып тұр, – деп бөлісті ол.

Қант диабетінің бірінші түрі – ең қауіптісі. Ол туғаннан пайда болады.

– Дүниеге келген бала бір инфекция немесе вирусты ауруларға шалдықса, вирус инсулин гормонын шығаратын жасушаларды зақымдайды. Яғни, бұл науқастарда инсулин бөлінбейді, ол бөлінбеген соң глюкоза сіңбейді. Сондықтан, олар инсулинге тәуелді. Зат алмасудың бұзылуы бәрібір де өзінің салдарын тигізеді. Буыны енді қатып келе жатқан баланың көзінің көруіне, бүйрек, жүрек жұмысына әсер етеді, – дейді дәрігер.

Қант диабетінің ең көп кездесетін екінші түрі ересек адамдарда 30-40 жас-тан асқанда пайда болады. Евгений Семеновичтің айтуынша, оның пайда болуы тікелей адамның өмір сүру салтына байланысты.

– Қазір адамдарда қозғалыс аз, майлы, көмірсутегіне бай тағамдар ішеді. Артық салмақ, семіздік, стресс пен холестериннің артуы да аурудың пайда болуына әсер етеді. Олар қосымша дәрі-дәрмек пайдаланады. Мұндай адамдарға бақылау мен күтім керек. Біздің орталық оларды бақылауға алады, – дейді ол.

Аурудың асқынуы табандағы өзгерістерден байқалады.

– Табанда түрлі жүйке талшықтары бар. Сау адам денесіне тиген кез келген әсерді сезеді. Ал, диабеттік табан ауруы бар науқас ауруды сезінбейді, аяғы ыстық-суықты білмейді. Сондықтан, біз ондай ауру бар науқастарға аяқ киім ки-



ерде ішін міндетті түрде тексеріп көру керектігін айтамыз. Солай аяғын жарақаттап алса, оның жазылуы өте қиын. Екінші жағынан ол ауырсынуды сезінбегеннен, қалай болса, солай жүре беруді мүмкін. Ол да аурудың жазылуын қиындатады. Оның үстіне Қазақстанда қант диабеті бар ауруларға арналған ортопедиялық аяқ киімдер жоқ, – деді дәрігер.

Табандағы өзгерістер неврологиялық, қан тамырларының дұрыс жұрмеуінен немесе ортопедтік аурулардан болуы мүмкін.



ретте науқастың отбасы, қарайласатын адамы бар науқастар болса, жақсы, ал, жалғыздікті жандарға аса қиын.

– Өдетте ампутиациядан кейін адамның өз-өзіне келуі қиын. Ерік-жігері мықты, өмір сүруге құлшынысы болса, осы қалпын қабылдай алса, ол адам өмір сүріп кетеді. Егер адам әлсіз, оның үстіне жалғыз, күтімсіз болса, ондай науқастар бес жылдан артық өмір сүрмейді. Сондықтан мұндай ауруға шалдыққан жақындарыңыз болса, жалғыз қалдырмаңыздар, – дейді дәрігер.

Сырақтар ауруын асқындырып алмас үшін профилактикалық шаралардың маңызы зор. Ал, оның негізі – дұрыс тамақтануда. Сол себепті де бірінші кезекте не ішіп, не жегеніне көңіл бөлуі тиіс. Дәрігерлердің айтуынша, дерттің өршуі артық салмағы бар адамдардың арасында жоғары. Қала емханаларында дұрыс тамақтануды үйрететін кабинеттер бар. Басқармада мәлімдегендей, олардың саны жыл санап көбейе бермек.

Диабеттің негізгі үш проблемасы – мамандардың айтуынша, генетика, психосоматика және саламатты өмір салтын ұстанбау. Адамға алғашқы екеуіне әсер ету қиын болса да, соңғысына ықпал ете алады. Өйткені, саламатты өмір салтын ұстану – әр адамның қолындағы іс.

Жаңа дәуір жауапкершілігі

(Соңы. Басы 1-бетте).

Қоғамдық пікірге теріс ықпал ету, биліктің беделін түсіру және ел ішінде алауыздық тудыру үшін жалған мәлімет таратып, ақпараттық шабуыл жасау белең алу. Мұндай әрекеттер азаматтардың қауіпсіздігіне және елдегі тұрақтылыққа үлкен қауіп төндірді. Сондықтан, интернет-платформаларда арандатушылық сипаттағы ақпарат таратқаны үшін жауапкершілікке тартуды заңмен бекіту мәселесін ойластыру керек. Бірақ, киберқауіпсіздікті күшейту шаралары цифрландыру үдерісіне тосқауыл болмауға тиіс, – деді ол. Қылмыстың алдын алу үшін барлық ведомстволар бірлесіп жұмыс атқаруы керек екенін де тапсырды. Бұл Мемлекет басшысының Үкімет алдына қойған үшінші тапсырмасы.

Елімізде энергия тапшылығы бар екенін әрқайсымыз білеміз. Үкімет отырысында қаралған төртінші мәселе дәл осы энергетикаға қатысты. Үкіметтің алдында тұрған міндет – еліміз өзін-өзі электр энергиясымен толық қамтамасыз етіп, 15-20 пайыз шамасында резерв қалыптастыруға тиіс. Ал, алдағы екі жылда кемінде 3 гигаватттық жаңа қуат көздерін іске қосу керек.

Энергия тапшылығы артып келеді. Алғашқы Атом электр стансасының құрылысын тездету керек. Жалпы елімізде ядролық кластер құру ісін қолға алу керек. Бұл еліміздің болашақта ойдағыдай дамуына қатысты аса маңызды міндет, – деді Мемлекет басшысы.

Еліміздің агроөнеркәсіп кешенінің әлеуеті артып келеді. Бірақ, диқандар мол астық жинағанымен, бидай бағасы арзаптап кеткені рас.

– Биыл егіс науқанына кемінде 700 миллиард теңге бөлу керек. Арзан несені малшыларға және ауыл шаруашылығы өнімін өңдеушілерге берген жөн. Тімділігі төмен субсидиялау тәсілінен жеңілдікпен несие беру тәсіліне көшу керек. Мен бұл мәселе жөнінде осыған дейін де айттым. Осы міндетті орындау керек, – деді Қасым-Жомарт Кемелұлы.

Президент бесінші тапсырмада ауылды дамытуда инфрақұрылымды жаңғыртпауға және бизнесі қолдауға басымдық берілуі керек екенін айтып, Үкімет пен әкімдерден тың шешім күтетінін жеткізді.



Үкіметтің кеңейтілген отырысында айтылған алтыншы тапсырма – салық-бюджет саясатын реформалау.

– Елімізде жаңа әрі барынша қатаң бюджет ережелері қолданыса енгізілгеніне екі жыл болды. Алайда, бұл жүйе әрдайым жұмыс істеп тұрған жоқ. Неліктен олай болды? Оған Үкімет өзі жауап беруге тиіс, – деді Президент.

Мемлекет басшысының айтуынша, әлемдегі экономикалық конъюнктура тез өзгеріп жатқан кезеңде таптарын жолмен жүруге болмайды. Сөйкесінше, жетінші тапсырма да соған негізделеді.

– Ол заман келмесе кетті. Әлем өзгеріп жатқанын көріп отырсыздар. Жаңа мән, жаңа форматтар, ұғымдар мен тәсілдер пайда болуда. Бұл инфляциялық үдерістер мәселесіне де қатысты. Демек қабылданған шешімдер күрделі сын-қатерлерге сай болуға тиіс, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы Үкімет отырысында банктермен диалог негізіндегі әділ серіктестік орнауға тиіс дей келе, «Кезінде сіздерге көмектестік, енді сіздердің кезектеріңіз келді. Қомақты қаражат бергеніміз рас», – дей келе, банктер Үкіметтің, соның ішінде, халықтың жауы еместігін де айтты.

– Әлеуметтік қолдау – кез келген мемлекеттің міндеті. «Әлеуметтік қолдау ісін реттеп, денсаулық сақтау,

білім беру және ғылым саласын одан әрі дамыту қажет» деді Президент сегізінші тапсырмасында.

– Мен мемлекеттің әлеуметтік бағдарламаларын мейлінше әділ қаржыландыру туралы тапсырма бердім. Үкімет бұл жұмысты бастады. Бытыр денсаулық сақтау саласының өзінде 140 миллиардтан астам теңге орынсыз шығын анықталып, тиімді жұмсалды. Демек жауапкершілікпен қараған кезде қосымша қаражат көзін де табуға болады, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы сондай-ақ, Үкімет заманауи мектептер салуға қолайлы жағдай жасап, орта білім беру саласына жеке инвестиция тартуды да тапсырды.

Биыл – Жұмысшы мамандықтары жылы. Қасым-Жомарт Тоқаев осыған орай атқарылатын іс-шаралар мен жобаларға тоқталды. Атап айтқанда, еңбек адамының абырой-беделін арттыру үшін жұмыс жүргізіледі.

– Техникалық және кәсіптік білім беру жүйесін түбегейлі жаңғырту ісін бастау керек. Жауапты мекеменің бәрі және ең бастысы, жеке сектор бұл іске белсене араласуға тиіс. Бизнес бұл салаға көбірек келуі үшін техникалық және кәсіптік білім беретін ұйымдарға арналған мемлекеттік тапсырыс көлемі артады. Оның мөлшері де бірқелкі болады. Бұған биыл бюджеттен қосымша 22 миллиард теңге бөлінді.

Бұл ретте әкімдерге зор жауапкершілік жүктеледі. Олар кәсіпкерлермен бірлесіп, аймаққа қажетті мамандықтар тізімін анықтауы керек. Сондай-ақ, сұранысқа ие кадрлар даярлау үшін колледждерге бағыт-бағдар беруі қажет. Ғылым және жоғары білім саласындағы реформалардың қарқыны мен сапасын сақтау маңызды. Білім беру тапсырысын оқу орындарының рейтингіне қарай бөлу жұмысы Үкіметтің бақылауында болуға тиіс, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Кеңейтілген отырыс соңында Мемлекет басшысы «Басты мақсат – азаматтардың әл-ауқатын арттыру. Алдағы жоспардың бәрін сапалы орындау керек. Сөз соңында тағы да атап өткім келеді: бізге нақты нәтиже керек. Нәтиже болса ғана даму болады» деп сөзін аяқтады.

Отырыста Премьер-Министр Олжас Бектенов еліміздің өткен кезеңдегі әлеуметтік-экономикалық дамуы мен Үкіметтің биылға арналған жоспарлары туралы баяндағанын айту керек. Ал, Премьер-Министрдің орынбасары – Ұлттық экономика министрі Серік Құрманғалин еліміздің фискалдық жүйесін, яғни салық және бюджет саласын реформалауға қатысты ұстанымдарды таныстырды.

Суреттер [akorda.kz](#) сайынан

• БРИФИНГ

Мопедке де куәлік керек

Биыл 5 сәуірден мопедті механикалық көлік құралдарына теңестіретін Қазақстан Республикасының заңнамасына енгізілген түзетулер күшіне енеді. Сол күннен бастап, бұл көлік құралымен полицияда тіркелгеннен, техникалық тексеруден өткеннен соң, АҚЖ-ның сактандыру полисін ресімдегеннен кейін және А1 санатындағы жүргізуші куәлігі болған кезде ғана жүруге болады. Бұл туралы өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен брифингте мәлімденді.

Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

– Тіркеуден өту үшін тұрғылықты жері бойынша арнайы ХҚКО-ға жеке басын куәландыратын құжаттармен жүгінуі, техникалық құжатты немесе көлік сипаттамалары туралы мәліметтерді ұсынуы керек. Кейін өтініш толтырылып, мемлекеттік баж салығы төленеді. Бұған дейін сатып алынған мопедті тіркеу үшін Қарағанды қаласы, Мұқанов көшесі, 5 мекенжайындағы мамандандырылған ХҚКО-да техникалық тексеруден өткізіп, барлық құжатты рәсімдеуге әкею керек, – дейді әкімшілік полиция басқармасының аға инспекторы, полиция майоры Азамат Дайрабаев.

Сол жерде А1 санатына практикалық емтихан тапсыра алады. Бұл үшін барлық жағдай жасалған. Атап айтсақ, автодром және арнайы техника бар. Емтиханды қар еріп, автодром жабыны құрғаннан кейін ғана тапсыруға болады.

Енді барлық мопедтердің жүргізушілері үшін жүргізуші

куәлігі міндетті. Егер В санаты бар болса, қосымша құжаттар талап етілмейді.

Бұдан бөлек, осы күннен бастап, Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекске мопедшілерді көлік құралының жүргізушісі ретінде жауапкершілікке тартуды көздейтін түзетулер күшіне енеді. Тасжолға шыққанда олар басқа жолаушылар сияқты белгіленген барлық талапты сақтауға міндетті.

– Барлық өзгерістер мен жаңашылдықтар көлік құралдарын пайдалануды реттеуге бағытталған. Олар жолдардағы қауіпсіздікті арттыруға ғана емес, мопедшілердің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге де қатысумен болатын жол-көлік оқиғаларының санын азайтуға да көмектесуі тиіс, – деді әкімшілік полиция басқармасы бастығының орынбасары, подполковник Елжас Жартыбаев.

Полиция қызметкерлері мопед иелерін тіркелуге, қажетті құжаттарды алуға және оқудан өтуді алдын ала ойластыруға шақырады. Өйтпесе, 5 сәуірден бастап, тиісті құжаттарсыз мопед тебу ереже бұзушылық болып саналады және айыппұл салынатынын атап өткен жөн.



• ОБЛЫС ӘКІМІНІҢ ЕСЕБІ ҚАРСАҢЫНДА

Аграрлық саланың әлеуеті зор

Облыстың агроөнеркәсіп кешенін дамыту үшін өніміміздің ауқымды аумағы мен жер байлығы жеткілікті. Бұл ретте осы секторға жеңілдетілген қаржыландыру, субсидия төлеу, сонымен бірге, ауыл шаруашылығы өнімі өндірісінің өсуін ынталандыру арқылы мемлекеттік қолдау бар. Соның нәтижесінде биыл облыс қамбасы миллионер атанып, рекордтық дәнді дақылдар өнімін еншіледі.

Егін орағы

Мемлекет басшысының тапсырмалары аясында агроөнеркәсіп саласын қаржыландыру қолжетімді бола тұсында. Агротехнологияға тікелей жеңілдетілген несие беру арқылы салаға бағытталған қаржы көлемі 24,1 млрд теңгені құрады. Облыс шаруашылықтарымен дәнді дақылдардың рекордтық өнімін жинап, орташа түсімі гектарына 15 центнерден 1 363,9 мың тонна астық бастырылды. Сонымен бірге, түсімі 7 центнерден, 24,45 мың тонна майлы дақылдар бастырылып, орташа түсімі 265 центнерден шамамен 409,2 мың тонна картоп және түсімі 360 центнерден 73,0 мың тонна көкөніс жиналды.

Жоғары түсім алуға, ауыл шаруашылығы дақылдарын әртараптандыру, агротехнология талаптарын дұрыс қолдану, жоғарғы репродукциялы тұқым, минералды тыңайтқыштар қолдану және өсімдіктерді тиімді қорғау жұмыстарын жүргізу арқылы қол жеткізілді. Бұл шаралар алдағы уақытта да жалғастырылатын болады.

Астық қамбасы

Облыста астықты сақтауға арналған қамбалар – 0,145 млн тоннаны, ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерде – 0,981 млн тоннаны сыйғыза алады. Көрсетілген көлем өткен жылдардағы қалдықтармен қосқанда, алынған өнімді сақтау үшін жеткілікті. Астық қабылдау кәсіпорындарына шамамен 0,071 млн тонна астық түсті, оның 0,051 млн тоннасы – бидай. Қазіргі уақытта лицензияланған элеваторлардың жүктемесі 53,4%-ды құрайды.

Егіс алқабын әртараптандыру

Облыста ауыл шаруашылығы дақылдар алқабын әртараптандыру бойынша кешенді шаралар жүргізілуде. Бұл шара, сұранысқа сәйкес, өнім өндірісі көлемін

ұлғайту, сондай-ақ, өсірілетін дақылдардың биологиялық қажеттіліктері, жергілікті агроклиматтық және басқа да табиғи жағдайларға төзімділігіне қол жеткізу үшін қажет. Атап айтқанда, ағымдағы жылы дәнді дақылдар алқабы 909,3 мың гектарды құрады. Бұл ретте, азықтық дақылдар алқаптары ұлғайтылып, олардың ауыспалы егістері үлесінің ұлғаюына ықпал етті. Ағымдағы жылы көпжылдық шөптер алқабы 61,0 мың гектарға, бір жылдық шөп – 82,4 мың гектарды, немесе, өткен жылғы көрсеткіштен 67,2 мың гектарға, немесе 88,2% - ға ұлғайтылып, 143,4 мың гектарды құрады.

Ауыл шаруашылығы техникасы

Нәтижесінде қысқартылған алқаптарда әлеуметтік маңызы бар және жоғары рентабельді дақылдардың егіс алқаптары ұлғайды. Ауыл шаруашылығы дақылдарын әртараптандыру бойынша жұмыстар жалғасатын болады.



Мал шаруашылығы

Мал шаруашылығы саласында облыста айтарлықтай өсім байқалады. Ағымдағы жылдың басында ауыл шаруашылығы жануарлары мен құстың саны өткен жылмен салыстырғанда айтарлықтай артты. Ірі қара мал, соның ішінде, сиырлар, ұсақ мал, жылқы, түйе, шошқа және құстардың саны өсім көрсетті. Ет пен сүт өндірісі де артқан. Жыл басынан бері ет өндірісі 100 мың тоннадан асса, сүт өндірісі 211 мың тоннаға жетті, оның айтарлықтай бөлігі ауыл шаруашылығы құрылымдарының үлесінде. 2024-2025 жылғы қыстауға қажетті жем-шөп көлемі жоспардан асыра дайындалды. Оның ішінде шөп, сабан, сүрлем және жем қорлары жеткілікті деңгейде қамтамасыз етілді. Бұл малдың қысы кезеңнен аман өтуіне және жоспарланған өнім көлемін алуға толық мүмкіндік береді.

Ауыл халқының әл-ауқаты

«Ауыл аманаты» жобасы ауыл тұрғындарының әл-ауқатын арттыруға елеулі үлес қосуда. Мәселен, 2023 жылғы жоба аясында 3,4 млрд теңгеге 456 шағын несие берілді. Оның ішінде 1,17 млрд теңге ауыл шаруашылығы кооперативтеріне, ал, 2,27 млрд теңге жеке қосалқы шаруашылықтарға бағытталды. Бұл қаражат негізінен мал шаруашылығын дамыту мен

ауыл тұрғындарының бизнес-жобаларын қаржыландыруға жұмсалып, 639 жұмыс орны құрылды. 2024 жылы осы бағдарлама бойынша облысқа республикалық бюджеттен 7 млрд теңге қарастырылған, оның ішінде 2,5 млрд теңге бөлініп, 1,08 млрд теңгеге 83 жоба мақұлданды. Бүгінде 1,07 млрд теңге көлемінде 81 қарыз берілді: 48 жобаға 295,1 млн теңге жеке қосалқы шаруашылықтарға, ал 778,1 млн теңге 33 ауылдық тұтыну кооперативтеріне бағытталды. Бұл тағы 132 жаңа жұмыс орнын құруға қосымша мүмкіндік берді. Несиелер негізінен мал шаруашылығын дамытуға, ауыл шаруашылығы техникасы мен жабдықтарын сатып алуға жұмсалуда. Табысты жобалардың үлгілеріне келсек, «Сарытерек SAQ NS» ӘКК неміс технологиясымен бие сүтін өңдейтін цех ашты. «Мади-Агро 7» ӘКК алдыңғы жылы Qatnet компаниясына 100 тонна ет жеткізсе, өткен жылы бұл көрсеткіш 60 тонна етті құрады, жалпы сомасы 110 млн теңгеден асты. Бұл жобалар ауыл шаруашылығы мен кәсіпкерліктің дамуындағы «Ауыл аманаты» бағдарламасының тиімділігін дәлелдеп отыр.

Азықтүлік қауіпсіздігі

Жалпы, агроөнеркәсіптік кешеннің барлық қызметі тек облыстың ғана емес, еліміздің де азықтүлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған. Әлеуметтік маңызы бар азықтүлік тауарларының 19 атауының 14-і облыстық жергілікті ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілеріміз өндіріледі. Өнімнің азықтүлік қауіпсіздігі жедел және жүйелі шаралар жүргізу арқылы қамтамасыз етіледі. Жедел шаралар ретінде әлеуметтік маңызы бар азықтүлік тауарларын тұрақтандыру қорын қалыптастыру және пайдалану, сондай-ақ, кәсіпкерлік субъектілеріне «айналым схемасы» бойынша қарыздар ұсыну тетіктері пайдаланылады.

2024 жылы тұрақтандыру қорынан 133,5 тонна күріш, 57,0 тонна қант, 63,3 тонна қарақұмық, 75,0 мың литр күнбағыс майы және 20 тонна картоп тауар интервенциясы жүргізілді. Алдағы маусымаралық кезеңде бағаны реттеу үшін жергілікті өндірушілермен 2 100 тонна картоп, 500

тоннадан сәбіз, қырыққабат және пиязға форвардтық шарттар жасалды. Кәсіпкерлік субъектілеріне маусымаралық кезеңде 1 072 тонна картоп, 199 тонна сәбіз, 198 тонна қырыққабат және 181 тонна пияз жеткізуге қарыздар берілді.

Бұдан басқа, әлеуметтік маңызы бар азықтүлік тауарлары бағасын тұрақтандыру және олардың негізсіз өсуіне жол бермеу үшін жергілікті өндірушілермен жасалған қарыз шарттары мен меморандумдар шеңберінде белгіленген төмендетілген бағамен азықтүлік тауарларын жеткізу ұйымдастырылды. Бұл – бірінші сортты әлеуметтік нан мен ұн, бірінші санатты жұмыртқа, тауық еті.

Жүйелі шаралар дейтініміз ауыл шаруашылығы дақылдарының егіс алқаптарын ұлғайту жолымен өндіріс көлемін арттыру, тозаң жерлерді қалпына келтіру. Азықтүлік тауарларының негізгі түрлері бойынша импортқа тәуелділікті төмендету және ішкі нарықты қамтамасыз ету деңгейін арттыруға мүмкіндік береді. Жоғарыда аталған іс-шараларды жүзеге асыру бойынша жұмыс жалғасуда және тұрақты бақылауда.

Алдағы жоспарлар

Осы жылы ауыл шаруашылығының жалпы өнім көлемін арттыру көзделуде. Егістік алқаптары кеңейтіледі. Егістік жерлердің негізгі бөлігін дәнді дақылдар, картоп және көкөніс алқаптары құрайды. Мал шаруашылығында ет, сүт және жұмыртқа өндірісінің өсуі жоспарланып, ірі қара мал, ұсақ мал, жылқы және құс санының артуы күтілуде. Агроөнеркәсіптік кешенге тартылатын инвестициялар көлемі ұлғайып, оның ішінде ауыл шаруашылығы мен тамақ өндірісін дамытуға ерекше көңіл бөлінеді. Мемлекеттік қолдау шаралары аясында өсімдік шаруашылығы, мал шаруашылығы, өнімдерді қайта өңдеу және қаржы құралдары бойынша бірқатар бағдарламалар іске асырылатын болады. Бұл жоспарлар ауыл шаруашылығының дамуын жеделдетуге және өнім көлемін арттыруға бағытталған.

Саят МУСИН,
Қарағанды облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының басшысы

• ОБЛЫС ӘКІМІНІҢ ЕСЕБІ ҚАРСАҢЫНДА

Халық игілігін дұрыс пайдалану маңызды

Жер – мемлекеттің экономикалық, әлеуметтік, саяси және идеологиялық негізін қалыптастыратын және шоғырландыратын Қазақстан халқының игілігі. Қарағанды облысының жер қатынастары басқармасы жер қатынастары саласында мемлекеттік саясатты жүзеге асырады.



Олардың негізінде жергілікті жерге 116 іссапар жасалды.

Қарағанды облысының Мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотына «Шарттық міндеттемелерді орындау міндеттемесі туралы» 20 талап арыз берілді. Шарттық міндеттемелердің орындалмауына байланысты жер пайдаланушыларға 19 хабарлама жіберілді.

2024 жылы Бұқар жырау және Осакаров аудандарында шалғайдағы жайылымдарды инфрақұрылыммен қамтамасыз етудің «Жайлау» пилоттық жобасы іске асыру жалғастырылды. Бұл пилоттық жоба суландыру құрылыстарын (ұңғымалар, құбырлы және шахталық құдықтар, қазандар), мал айдау трассаларын, мал тоқтайтын және суаратын алаңдарды, қосарлар, ауыл шаруашылығы жануарларын айдап-бөліп жаяуға арналған қосарларды, ауыл шаруашылығы жануарларын ветеринариялық өңдеуге арналған жамаларды, электр және жылу энергиясымен қамтамасыз етуге арналған құрылыстар мен объектілерді орнатуға қамтиды, сумен жабдықтау объектілерімен, персоналдың маусымдық тұруына арналған құрылыстармен қамтамасыз етіледі. Жобаның 2024 жылға жалпы құны 151 миллион 950 мың теңгені құрады.

Сонымен қоса, ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді ұтымды пайдалану мақсатында жер пайдаланушылар топырақ құнарлылығының және жердің мелиорациялық жай-күйінің айтарлықтай төмендеуіне жол бермеуді қамтамасыз етуі қажет. Пайдаланылмай жатқан немесе заңнаманы бұза берілген ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді анықтау және қайтару жұмыстары жалғасуда. Ауыл шаруашылығы министрілігі 2024 жылы облыс бойынша 130 мың га осындай жерлерді қайтару жоспарын бекітті. Жыл қорытындысына сәйкес облыс бойынша пайдаланылмай жатқан немесе заңнаманы бұза берілген ауыл шаруашылығы мақсатындағы 168 мың гектар жер (12,1 мың гектар – егістік, 1,3 мың гектар – шабындық, 151,3 мың гектар – жайылым) мемлекет меншігіне қайтарылды. Жоспардың орындалуы 129,2%-ды құрады. Оның 99,1 мың гектары ерікті негізде, 49,8 мың гектары жер пайдалану мерзімінің аяқталуына байланысты, 4,4 мың гектар учаскенің заңсыз берілуіне байланысты құқық белгілейтін құжаттың (жалдау шартының) күшін жою, 12,1 мың гектар сот шешімі бойынша, 2,6 мың гектар басқа да жолдармен қайтарылды. Биыл облыс бойынша пайдаланылмайтын жерлерді қайтару жоспары 130 мың гектарды құрайды.

2024 жылы облыста елді мекендерді жайылымдық жерлермен қамтамасыз ету жұмыстары жалғастырылды. Осакаров ауданында 25,7 мың гектар аумақта жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жоспары негізінде және басқа да жолдармен шалғайдағы жайылымдар ұйымдастырылды. Қарқаралы ауданында халыққа мал жаяуы үшін 146,7 мың гектар жер ауылдық округ әкімдеріне уақытша өтеусіз пайдалануға берілді. Бұған дейін ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелері болмаған жер пайдаланушыларға 28,0 мың гектар жер берілді. Абай ауданында – 2,2 мың га, Бұқар жырау ауданында – 4,1 мың га, Қарқаралы ауданында – 15,7 мың га, Осака-

ров ауданында – 0,6 мың га, Шет ауданында – 4,4 мың га берілді.

Жер қатынастарын реттеу тек жер учаскелерін берумен шектелмейді. Жерді тиімді және ұтымды пайдалану мақсатында жер пайдаланушылар мен жер учаскелерінің меншік иелері қолданыстағы жер заңнамасының барлық нормаларын сақтауы қажет. Мысалы, жайылымдарды ұтымды пайдаланудың негізгі шарты – ауыл шаруашылығы жануарларының болуы, жайылымдық инфрақұрылым объектілерінің болуы және олардың жай-күйі.

Жаңа тәртіпті іске асыру мақсатында жер, құқықтық, табиғи және өзге де кадастрлардағы мәліметтерді қамтитын жылжымайтын мүліктің бірыңғай мемлекеттік кадастрының ақпараттық жүйесі (Жария кадастрлық картасында) әзірленді. Осы жүйе арқылы қолданыстағы процестердің ашықтығына қол жеткізуге, қайталануды болдырмауға, жылжымайтын мүлік пен жер учаскелерін ресімдеуге байланысты бизнес-процестерді оңтайландыруға мүмкіндік ашылды. Қазіргі таңда, ақпараттық жүйе арқылы қалалар шегінде жер учаскесіне құқық алу, еркін салу арқылы жер учаскесін сауда-саттыққа шығару өтінім беру және сауда-саттыққа шығаруға дайын жер учаскесіне құқықтар сатып алуға өтінім беру мүмкіндіктері қарастырылған.

Сондай-ақ, 2024 жылғы 27 ақпанда «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жайылымдарды пайдалану мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң қабылданды. Аталған Заң жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі жоспарды ескере отырып, жайылымдық жерлерді шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурстық шығарылатын жер учаскелерінің тізбесіне енгізуге байланысты, халықтың мал жаю үшін жайылымдарды резервте қалдыру, сондай-ақ, қоғамдық жайылымдарды мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп алып қою тізбесіне енгізу, шекті жол берілетін нормадан жайылымдық жерлерді ұтымды пайдалану нормативтерін жиырмадан елу пайызға дейін ұлғайту, сонымен бірге, жайылымды пайдаланушылар мен жайылымды пайдаланушылар бірлестіктерін мемлекеттік қолдау мәселелері қосымша баппен толықтырылды.

Қорытындылай келе, жер қатынастары саласын дамыту бағытында жұмыстар тоқтаусыз жүргізілетін жеткізім. Қазақстан Республикасының әрбір жер пайдаланушысының міндеті – жерді нысаналы мақсатына сәйкес ұтымды және тиімді пайдалану болып табылатынын атап өтеміз.

Нұрлан ЛАМБЕКОВ, Қарағанды облыстық жер қатынастары басқармасының басшысы

2023 жылдың 5 сәуірінде Мемлекет басшысы «Жер қатынастары саласындағы мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау органы болғандықтан, нысандар құрылысының сапасын тексеріп, өмірдегі сәулет-құрылыс нысандарына қадағалауды жүзеге асырып келеді.

Сәулет-қала құрылысы тәртібін бұзушыларға әкімшілік ықпал ету шараларын қолдану да күн тәртібінде. Оған қоса салынып жатқан (салынуға жоспарланған) нысандар мен кешендердің мониторингін жүргізу, қызметтерді лицензиялауды және инженерлік қызметтерді жүзеге асыру, сондай-ақ жобаларды басқару жөніндегі ұйымдарды аккредиттеу де – басқарманың басты жұмыстарының бірі.

Басқарманың қызметтік функциясы – бақылау және қадағалау басталғаны туралы хабарламалар бойынша, құрылыс объектілерінің мониторингін арқылы жеке және заңды тұлғалардан, сондай-ақ мемлекеттік органдардан келіп түскен өтініштерді қарау және тексеру жүргізу кезінде жүзеге асырылады. Осы орайда айта кеткен жөн, биыл құрылыс-монтаждау жұмыстарын жүргізуді қастау туралы 1535 хабарлама қабылданды. Нысандарды пайдалануға қабылдаудың 1867 актісі тексеруге түсті. Сондай-ақ 48

бақылау-қадағалау іс-шарасы өтті. Заң талаптарын бұзушылықтарды жоюға 32 нұсқама берілді. Басқарма 2024 жылы заңнаманы бұзғаны үшін 291 әкімшілік іс қозғады. Қозғалған әкімшілік істер бойынша 103 887 976 теңге сомасына айыппұл салынды.

Бүгінде басқарма барлығы мемлекеттік қызметтің бес түрін көрсетеді.

Өткен жылы 1079 мемлекеттік қызмет көрсетіп, оның ішінде сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласындағы лицензиялау

бойынша (алу/қайта ресімдеу) 816, сараптамалық жұмыстарды жүзеге асыратын сарапшыларды аттестаттау бойынша 255, аккредиттеу және жобаларды басқару бойынша 8 қызмет көрсетілді.

2024 жылы жобалау қызметін жүзеге асыратын 2 ұйым лицензиядан айырылды. Сондай-ақ, сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласындағы 23 лицензия және техникалық қадағалау сарапшыларының 7 аттестаты тоқтатылды.

Өткен жылы басқарманың

қызметтерді цифрландыру мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының №221-VII ҚРЗ Заңына қол қойды. Осы Заң арқылы, кенттерді, ауылдарды, ауылдық округтерді қоспағанда, елді мекендер аумағында мемлекеттік қызметті қарау мерзімін 30 күнге дейін оңтайландыра отырып, жер учаскесіне құқықтарды электрондық форматта берудің жаңа тәртібі ұсынылды.

Жаңа тәртіпті іске асыру мақсатында жер, құқықтық, табиғи және өзге де кадастрлардағы мәліметтерді қамтитын жылжымайтын мүліктің бірыңғай мемлекеттік кадастрының ақпараттық жүйесі (Жария кадастрлық картасында) әзірленді. Осы жүйе арқылы қолданыстағы процестердің ашықтығына қол жеткізуге, қайталануды болдырмауға, жылжымайтын мүлік пен жер учаскелерін ресімдеуге байланысты бизнес-процестерді оңтайландыруға мүмкіндік ашылды. Қазіргі таңда, ақпараттық жүйе арқылы қалалар шегінде жер учаскесіне құқық алу, еркін салу арқылы жер учаскесін сауда-саттыққа шығару өтінім беру және сауда-саттыққа шығаруға дайын жер учаскесіне құқықтар сатып алуға өтінім беру мүмкіндіктері қарастырылған.

Сондай-ақ, 2024 жылғы 27 ақпанда «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жайылымдарды пайдалану мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң қабылданды. Аталған Заң жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі жоспарды ескере отырып, жайылымдық жерлерді шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурстық шығарылатын жер учаскелерінің тізбесіне енгізуге байланысты, халықтың мал жаю үшін жайылымдарды резервте қалдыру, сондай-ақ, қоғамдық жайылымдарды мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп алып қою тізбесіне енгізу, шекті жол берілетін нормадан жайылымдық жерлерді ұтымды пайдалану нормативтерін жиырмадан елу пайызға дейін ұлғайту, сонымен бірге, жайылымды пайдаланушылар мен жайылымды пайдаланушылар бірлестіктерін мемлекеттік қолдау мәселелері қосымша баппен толықтырылды.

Қорытындылай келе, жер қатынастары саласын дамыту бағытында жұмыстар тоқтаусыз жүргізілетін жеткізім. Қазақстан Республикасының әрбір жер пайдаланушысының міндеті – жерді нысаналы мақсатына сәйкес ұтымды және тиімді пайдалану болып табылатынын атап өтеміз.

Нұрлан ЛАМБЕКОВ, Қарағанды облыстық жер қатынастары басқармасының басшысы



бақылауында рұқсат берілген құжаттарсыз салынып жатқан 8 нысан болды. Осы объектілердің барлығы әкімшілік жазаға тартылды, сондай-ақ сот шешімімен тоқтатылды. Бүгінгі таңда осы 8 нысан бойынша құрылыс салушыларда

Вальтер Готлибович БЕКК



2025 жылдың 27 қаңтарында медицинада және пациенттерінің жүрегінде терең із қалдырған дарынды хирург Вальтер Готлибович Бекктің қайтыс болғаны туралы қатты қайғыра хабарлар етеміз.

Вальтер Готлибович 15.12.1939 жылы Одесса облысында дүниеге келген. Соғыс басталысымен отбасы Польшаға, ал босатылғаннан кейін – Қарағанды облысының Шет ауданына жіберілді, ол мекен Бекк отбасы үшін екінші Отаны болды. Қарағанды мемлекеттік медицина институтын бітіргеннен кейін Вальтер Готлибович 50 жылдан астам Қарағанды облысының емдеу мекемелерінде жұмыс істеді, ұзақ жылдар бойы облыстық клиникалық аурухананың жалпы хирургия бөлімшесін басқарды және өмірінің соңына дейін облысымыздың жоғары білікті жетекші хирургтарының бірі болып қала берді. Ол «Туа біткен дарынды» хирург болды. Ол пациенттердің соғыс үміттерін ақтады, оның білімі мен шеберлігі денсаулық пен Өмір үшін күрескендердің соңғы тірегі болды.

Вальтер Готлибович өз ісінің маманы ғана емес – ол әр пациентті түсінетін және сезінетін Алтын әріппен жазылған адам болды. Оның мейірімділігі, жауаптылығы және көмектесуге деген ұмтылысы оны ерекше етті.

Денсаулық сақтау жүйесіндегі 50 жылдан астам еңбегі үшін Вальтер Готлибович көптеген грамоталар мен Алғыс хаттарға ие болды, «КСРО Денсаулық сақтау үздігі», «Еңбек ардагері» төсбелгілерімен марапатталды, Қазақстан Республикасы Президентінің қолынан «Құрмет» орденін алды.

Әріптестер Вальтер Готлибовичті адалдықтың, кәсібиліктің және таңдалған өмірге деген адалдықтың мысалы ретінде еске алады. Ол жоғары дәрежелі маман, қажымас зерттеуші және дәрігерлердің бірнеше буынына тәлімгер ретінде бүкіл медициналық қоғамда танылды.

«Облыстық клиникалық аурухана» КМК әкімшілігі мен ұжымы Вальтер Готлибович Беккті білетін және жақсы көретін туыстарына, жақындарына және барлығына көңіл айтады. Дәрігер. Кәсіби маман. Парасатты адам. Үлгілі отбасының тірегі. Осылайша ол біздің жадымызда қалады.

№61

После смерти Мизамбаевой Гульсим Кушербековной умершей 04.07.2023 г. открыто наследственное дело. Всем заинтересованным лицам обращаться к нотариусу Кордович Диане Александровне по адресу г.Караганда, пр.Бухар Жырау 11. Тел: 42-67-86.

№57

Электрондық пошта: ortalyk.kaz@mail.ru

43-21-55 Жарнама бөлімінің байланыс телефоны

Қарағанды Шинсервис ШИНАЛАР ЖЕҢІЛ АВТОКӨЛІКТЕРҮШІН ЖЕҢІЛ ЖҮК КӨЛІКТЕРІҮШІН ТРАКТОРЛАР ЖӘНЕ АУЫЛШАРУАШЫЛЫҒЫ ТЕХНИКАЛАРЫҮШІН АРНАЙЫ ТЕХНИКАЛАРҮШІН XBR I LNK Қарағанды қ.,қойма:Асфальтная көш., 22, дүкен: Бытовая көш., 14/1 707 80 35 800 shynservice

Тұрғындар талабы ескерусіз қалмайды

Мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау басқармасы қадағалау органы болғандықтан, нысандар құрылысының сапасын тексеріп, өмірдегі сәулет-құрылыс нысандарына қадағалауды жүзеге асырып келеді.

Сәулет-қала құрылысы тәртібін бұзушыларға әкімшілік ықпал ету шараларын қолдану да күн тәртібінде. Оған қоса салынып жатқан (салынуға жоспарланған) нысандар мен кешендердің мониторингін жүргізу, қызметтерді лицензиялауды және инженерлік қызметтерді жүзеге асыру, сондай-ақ жобаларды басқару жөніндегі ұйымдарды аккредиттеу де – басқарманың басты жұмыстарының бірі.

Басқарманың қызметтік функциясы – бақылау және қадағалау басталғаны туралы хабарламалар бойынша, құрылыс объектілерінің мониторингін арқылы жеке және заңды тұлғалардан, сондай-ақ мемлекеттік органдардан келіп түскен өтініштерді қарау және тексеру жүргізу кезінде жүзеге асырылады. Осы орайда айта кеткен жөн, биыл құрылыс-монтаждау жұмыстарын жүргізуді қастау туралы 1535 хабарлама қабылданды. Нысандарды пайдалануға қабылдаудың 1867 актісі тексеруге түсті. Сондай-ақ 48

бақылау-қадағалау іс-шарасы өтті. Заң талаптарын бұзушылықтарды жоюға 32 нұсқама берілді.

Басқарма 2024 жылы заңнаманы бұзғаны үшін 291 әкімшілік іс қозғады. Қозғалған әкімшілік істер бойынша 103 887 976 теңге сомасына айыппұл салынды.

Бүгінде басқарма барлығы мемлекеттік қызметтің бес түрін көрсетеді.

Өткен жылы 1079 мемлекеттік қызмет көрсетіп, оның ішінде сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласындағы лицензиялау

бойынша (алу/қайта ресімдеу) 816, сараптамалық жұмыстарды жүзеге асыратын сарапшыларды аттестаттау бойынша 255, аккредиттеу және жобаларды басқару бойынша 8 қызмет көрсетілді.

2024 жылы жобалау қызметін жүзеге асыратын 2 ұйым лицензиядан айырылды. Сондай-ақ, сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласындағы 23 лицензия және техникалық қадағалау сарапшыларының 7 аттестаты тоқтатылды.

Өткен жылы басқарманың



бақылауында рұқсат берілген құжаттарсыз салынып жатқан 8 нысан болды. Осы объектілердің барлығы әкімшілік жазаға тартылды, сондай-ақ сот шешімімен тоқтатылды. Бүгінгі таңда осы 8 нысан бойынша құрылыс салушыларда

қажетті рұқсат құжаттары бар. Осы 8 нысанның ішінде «Әл-Фараби», «Хан», «Нұра» секілді 3 тұрғын үй кешені бірінші сатыдағы сот шешімімен заңсыз құрылыс деп танылды және бұзуға жолданды. Алайда апелляциялық рәсімдер шеңберінде тұрғын үй кешені мәліметтері бойынша медиативтік келісімдер жасалғандықтан, қазіргі уақытта медиативтік келісімдер орындалды.

Бұдан басқа, үлескерлердің ақшасын рұқсатсыз тартуды жүзеге асырған «Тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу туралы» ҚР Заңын бұзғаны үшін 3 құрылыс салушыға қатысты ҚР ӘҚБтҚ 320-бабы (300 АЕК) бойынша әкімшілік жауапкершілік шаралары қабылданды.

Бүгінде жоғарыда аталған жұмыстар бойынша қала әкімдігімен бірлесіп, басқарма сайтының

ресми және әлеуметтік желілер (Instagram, Facebook) парақшаларында халықты жосықсыз құрылыс салушылар тізімімен таныстыру мақсатында тұрақты жұмыс жүргізілуде. Сондай-ақ, басқарманың ресми сайтында тұрғын үй кешендері бойынша ақпарат берілген. Рұқсат беру құжаттарының толық пакеті жоқ «Өз тұрғын үй кешеніңді тексер» бөлімі құрылды. Тұрғындар салынып жатқан тұрғын үй кешендері бойынша ақпарат алу үшін рұқсат берілген құжаттар топтамасына жүгіне алады. Ол үшін жедел басқару желісінің телефоны жұмыс істейді.

Айдын СМАҒҰЛОВ, Қарағанды облыстық мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылауы басқармасының басшысы

• МЕРЕЙ

Қарулы һәм қарусыз майдан қаһарманы

«Сарыжайлау» кинотеатрына кілең әскерилер жиналған. Жас жауынгерлер кіреберісте сап түзеп тұр. Офицерлерден бөлек зиялы қауым өкілдері де осында. Бір кезде залға атакты «Қара майордың» қаруласы, жалындаған жастығы ерлікпен өрліген Амангелді Жантасов кіріп келді. Залдағы жұрт тік тұрып, қошемет көрсетті. Кеудесі медаль мен ордендерге көмкерілген, еңсесі тік, қадамы нық. Жүріс-тұрысынан, көзқарасынан қазақ жауынгерінің болмысын көресін. Отан алдындағы аңтына, бала арманына адал болған, ғұмыры мән мен өнегеге толған елінің ардақты һәм батыр ұлы. Бұл – Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің құрметті ардагері, «Қызыл Жұлдыз», «Құрмет» ордендерінің иегері, Ауған соғысына қатысушы, Қазақстан Журналистер одағының мүшесі, отставкадағы полковниктің 70 жас мерейтойына арналған «Амангелді Жантасов әлемі: қарулы және қарусыз майдандар» атты конференция.



Ерік НАРЫН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Конференцияны облыс әкімінің орынбасары Әлібек Әлденей бастады. Ол аймақ басшысы Ермағанбет Бөлекпаевтың құттықтауын жеткізді. Құттықтау хатында «Сізді габратты ғұмырыңыздың айтулы белесі – 70 жасқа толған мерейтойыңызбен шын жүректен құттықтаймын! Сіз – көнеден керуен тартқан ерлік пен жасампаздықтың баһадүр бабалар ізін жалғаған жарышсыз әрі мұрагері ретінде барлық құрметке лайықты тұлғасыз! Бүкіл саналы ғұмырын әскери қызметке арнаған кәсіби офицердің өнегелі өмірі мен өшпес ерлігі бүгінгі жас буын үшін патриоттық тәрбие мектебі болып қала бермек. Адамзат тарихында «Жұмбақ соғыс» аталған Ауған қасіреті Сіздің өміріңізге ұмытылмас із қалдырып, жазылмас жара салғанын жақсы білеміз. Ауған соғысында атой салған қазақ офицерінің жауынгер халық, жажуырек бабалар ұрпағы екенін дәлелден шықтыңыз. Жастығының жалаулы күндерін жар жағалап, жаумен арпалыста өткізген жауынгерлік рухыңыз бен ұзақ жылғы әскери қызметтегі Отанға деген сүйіспеншілігіңіз тәуелсіз Қазақстан тарихында алтын әріппен жазыларына ешкім шүбә келтірмесе керек. Бейбіт өмірде де еліміздің әскери саласында мінсіз атқарып, Отан қауіпсіздігін қамтамасыз етуде де қайраткерлік танытып келесіз. Ардагерлерді қолдау, өскелең ұрпақты отанымыздық рухта тәрбиелеу ісіне өлшеусіз үлес қоса отырып, Қарулы күштер саласы ардагерлерінің қоғамдық ұйымындағы азаматтық белсенділігіңіз бе-

рекеді бастама, ұтқыр ұсыныстарға ұйытқы болуда», – делінген. Иығына шапан жауып, естелік сыйлық табыстады.

Шараға арнайы келген «Астана» Өңірлік қолбасшылығы әскерлерінің қолбасшысы, полковник Махсұт Гусейінов «Полковник Амангелді Жантасовтың жауынгерлік жолы» тақырыбында баяндама жасады. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрі Руслан Жақсылықовтың және «Астана» Өңірлік қолбасшылығының грамотасын табыстады.

Қазақтың ақсұңқар ақыны, Абай атындағы Мемлекеттік сыйлықтың иегері Серік Ақсұңқарұлы да мінберге көтеріліп, батыр болмысы бейнеленген «Дала философиясы» өлеңін оқып берді.

Түркіменстан Қорғаныс министрінің экс-орынбасары, генерал-лейтенант, Ауғанстандағы майдандасы Ринат Мердурдыев, Генерал-майор, Қырғызстан Қорғаныс министрінің экс-орынбасары, майдандасы Мәліс Бекбоев та конференцияның құрметті қонағы болып, өткен күндердің естелігімен бөлісті.

Құттықтау сөздерден кейін Амангелді Жантасовтың Ауғанстан жеріндегі соғыс турасында жазылған өлеңдері оқылды. «Қара майор» Борис Керімбаевтың Амангелді Жантасовтың тұлғасы мен шығармашылығы туралы айтқан сұхбаты да экранға шықты.

Шара соңында Амангелді Жантасовтың кеудесіне «177-ші арнайы жасақтың құрылғанына – 45 жыл» мерейтойлық төсбелгісі тағылды. Төсбелгі қаруластарына да табысталды.

Сурет автордан

• ЖҮМЕКЕН НӘЖІМЕДЕНОВТИҢ ТУҒАНЫНА – 90 ЖЫЛ


Ғұмыр дастанының бір парағы

Қазақ поэзиясында өз биігін қалдырған біртуар ақын Жүмекен Нәжімеденов Қарағанды шахтасында кенші болғаны туралы талай жазылған. Заңгер, публицист Марат Азбанбаев Жүмекеннің ғұмыры мен шығармашылығын зерттеп, «Менің Қазақстаным – Жүмекен» кітабын да жарыққа шығарды. «Ortalyq Qazaqstan» газетінде де мақала жарық көрген. Жалпы айтқанда, Жүмекен Нәжімеденовтің тағдыр дастанының кеншілер шаһарымен ұштасқан тұстары елге мұшұр. Газетіміздің бұл санына ақынның шахтада еңбек еткенін құжаттай дәлелдейтін кадрлық есеп парақшасын жариялап отырмыз. Құжат Қарағандыдағы мұрағаттардың бірінен табылды.

Ерік НАРЫН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Жүмекен Нәжімеденов 1955-1956 жылдар аралығында Қарағанды қаласындағы № 33/34 шахтада комбайнердің көмекшісі болып жұмыс істеген. Есеп парақшасында тиісті құжат 5 жылға берілгені жазылған. «Нәжімеденов Жүмекен Сабырович. Национальность – казах. Место рождения: область – Гурьевская обл. Денгизский район» деген жазулар анық көрінеді парақшада. «Паспорт выдан – Денгизский район» деген жазуларды да көруге болады. Ал, қалғандарының сиясы сарғайған қағазбен бірге анықтығын жоғалтқан. Оның үстіне, парақшаны толтырған адамның жазуы ұсақ және асығыс толтырылғанға ұқсайды.

«Менің Қазақстаным – Жүмекен» кітабының авторы Марат Азбанбаев «Жүмекен Нәжімеденовтің ақын болып қалыптасуында Қарағандының ролі орасан» депті танымдық сайттардың біріне берген сұхбатында. Сұхбатта «Жүмекеннің өмір жолы жайлы сөз қозғағанда, ақыдығы, шығармашылығы жайлы алдымен айтылады. Еліміздің Өнұранына айналған «Менің Қазақстанымның» сөзін жазған авторы екенін жас ұрпақ жақсы біледі. Ал, осындай бүкіл халықтың жүрегінен орын



алған ән жолдарының тууына, ақынның шабытының оянуына әсер еткен, қаламына қуат берген – Қарағанды», – делінген. «Ежелгі менің арманым – шахтер боп шығу болатын. Қиялмен шарлап лаваны, Жүрекке шаттық толатын. Қолымда міне,



жолдама, Жарк етті сол бір арманым. Тұрындар, достар қатарға, Шахтаға мен де барамын». Бұл – Жүмекен Нәжімеденовтің 1955 жылы жазған өлеңі.

Сурет Қарағанды облыстық мемлекеттік архив қорынан

• ТУРНИР

Эльмира ерлеп тұр

Ресейдің Красноярск қаласында еркін және әйелдер күресінен өткен дәстүрлі «Иван Ярыгин кубогы» Халықаралық турнирінде Эльмира Сыздықова жеңіске жетті. Биыл жерлесіміз 76 келі салмақ дәрежесінде бак сынап, халықаралық турнирдің үш дүркін чемпионы атанды.

Ербол ЕРБОЛАТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Жерлесіміз іріктеу кезеңінде ресейлік Лилия Нуралиеваны 6:0 есебімен жеңді. Ширек финалда Дарья Баладинаны – 10:0, жартылай финалда Ольга Козырваны – 10:0 есебімен тізе бүктірді. Ал, ақтық бәсекеде моңғолиялық Энх-Амарын Даваанасанмен белдесіп, 8:1 есебімен басым түсті.

– Біз үшін басты турнир – биылғы әлем чемпионаты мен Азия ойындары. Эльмира Париж Олимпиадасына өте алмай қалды. Оған себеп – алған жарақаты. Бірақ, қазіргі уақытта спортшы толығымен жазылды. Жақын арада Халықаралық күрес федерациясынан Олимпиада ойындарына іріктеу бойынша өзгеріс күтеміз. Салмақ санаттары өзгертіліп, дзюдоғадай рейтингтік жүйе енгізілуі мүмкін. Жаңа жағдайларға сүйенеміз. Олимпиадаға қатысу – басты мақсатымыз, – дейді спортшының жаттықтырушысы Владислав Сутормин.

Аталған турнирде 62 келіде өнер кө-

сеткен Виктория Хусаинова күміс иеленсе, 62 келіде ерлер арасындағы бәсекеде Дубек Тыныс қола жүлдегер атанды.

Жерлесіміз бұған дейін аталған турнирді 2016 және 2022 жылы жеңіп алған болатын.



Сурет ашық дәрежесінен

• ДЖИУ-ДЖИТСУ

Бағы мен бабы қатар шауып...

Джиу-джитсудан биылғы Қазақстан чемпионаты Алматы қаласында 1600 спортшының басын қосты. Қарағандылықтардың бағы мен бабы қатар шауып, 26 медаль жеңіп алып, мерейімізді тасытты. Атап айтсақ, алтауы – алтын, тоғызы – күміс және 11-і – қола.

Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Одан бөлек, аймақтың 15 джитсері Ұлттық құрамның сапына еніп, халықаралық аренада ел атынан өкілдік ету құқығына ие болды.

Турнирде кеншілер өлкесінің намысын 80 спортшы қорғады. Олардың қатарында түрлі деңгейдегі жарыс жеңімпаздары, жасөспірімдер арасындағы 2024 жылғы әлем чемпионы Асанәлі Абаев, халықаралық дәрежедегі жетістіктерімен белгілі Жігер Алматай мен Асылмұрат Сағындық бағын сынады.

Чемпионатта халықаралық дәрежедегі төреші Елеукең Бек-Мұхаммед те болды.

– Шамамызды байқап, Ұлттық құрамаға өтуге қарым-қабілетімізді тексеруге зор мүмкіндік болды. Спортшыларымыз түрлі жас және салмақ санатында көптеген марапатқа ие болып, жоғары дайындық деңгейі мен кәсібилігін көрсетіп, нағыз жауынгерлік рухын паш етті. Мәселен, Асанәлі Абаев қарсыластарына ұпай жинауға ешқандай мүмкіндік қалдырмай, барлық жеке-жеке басым түсті, – деп атап өтті Қарағанды облысы джиу-джитсу федерациясының президенті Аян Шермағамбетов.

Джиу-джитсу шеберлерін алдағы уақытта түрлі сайыстар күтіп тұр. Ақпан айында Азия чемпионатына, күзде Бахрейндегі жасөспірімдер арасындағы Азия ойындарына қатыспақ.

Жерлестеріміз бақ сынайтын Karaganda BJJ Open Championship-2025 турнирі де маңызды кезең болатынын айта кеткен жөн.

• БӨРЕКЕЛДІ!

12 жастағы «ұшқыш»

Жерлесіміз Тимофей Муравьев дрон-рейсинг (дрон ұшыру) бойынша FAI әлем чемпионатында сайысқа түскен алғашқы қазақстандық болып отыр. Ол небары – 12 жаста. Сауд Арабиясының астанасы Эр-Рияд қаласында өткен жарыс қатысушы елдердің саны бойынша ең ауқымды шара ретінде Гиннестің рекордтар кітабына тіркеліп, тарихқа таңбаланды.

Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Нақтырақ айтсақ, жарысқа әлемнің 50-ден астам елінен 143 ұшқыш келген. Тимофей жас болғанына қарамастан өз мүмкіндігін шебер көрсетіп, әлемнің үздік 16 ұшқышының қатарына кіргенін атап өткен жөн.

– Бұл – әлемдік біріншілікте қол жеткізген үлкен жетістік. Дрон ұшырудан әлем чемпионаты 2016 жылдан бері өткізіліп келеді. Ал, қазақстандық ұшқыш алғаш рет қатысуда. Жарысқа тынғылықты жаттығу жасадық. Екі күн ішінде 64 қатысушы шеберлігін сынап салды. Тимофей әлем чемпиондарымен

бір топта болып, нық тіресе жүріп, қабілетін байқатты, – деп атап өтті спортшының әкесі Сергей Муравьев.

NSP KazGeoScan командасының ұшқышы Тимофей Муравьев соңынан сайысқа түсіп, ширек финалға шықты. Оның қарсыластарының бірі қазіргі әлем чемпионы, жапониялық Yuki Hashimoto болды. Польшалық USA MultiGP чемпионы Pawel Laszczak-тан 12 жастағы карағандылық бар болғаны 1,3 секундқа жеңілді. Тимофей үш айналымды 00:58:020 нәтижесімен аяқтады.

Бір айта кетерлігі, жарыс кезінде ұшқыш арнайы көзділдіктің көмегімен жерден басқаратын ұшақтың жылдамдығы сағатына 200 километрге дейін жетеді.



Сурет ашық дәрежесінен

ORTALYQ QAZAQSTAN
Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газеті

Құрылтайшысы: облыс әкімдігі
МЕНШІК ИЕСІ: «Saryaqsa Aqparat» ЖШС

Директор
Қайрат Жүнісұлы ӘБІЛДА

Директордың орынбасары
Оксана Вячеславовна МЯГКИХ

Директордың орынбасары
Галия Боранқұлқызы БАСТЕНОВА

Бас редактор
Е.К. МҮСАБЕК

Бас редактордың орынбасары
Қ.А. АЙТЖАН

Сайт редакторы
І.Д. МҰҚАЙ

Жауапты хатшы
Ж.Қ. ШАЛҚАР

Телефондар:
Бас редактор: 43-38-53
Бас редактордың орынбасары: 43-58-08
Интернет-редакция редакторы: 43-38-33
Жауапты хатшы: 43-49-72
Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55;

Меншікті тілшілер:
Ақтоғай, Шет, Балқаш,
Приозерск: 8-702-293-13-70
Қарқаралы, Нұра,
Осакаров: 8-702-216-73-50
Теміртау, Саран, Шахтинск, Абай,
Бұқар жырау: 8-775-189-33-19

• Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
• Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.
• Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.
• Материалдың жариялану ақысы төленген ☑

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылғы 15 желтоқсанда № KZ18VPY00030163 күнелі берілді.

Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.
Мекенжайымыз: 100009, Қарағанды к., Әлімхан Ермеков көшесі, №33 ғй.

Электрондық пошта: ortalyk.kz@gmail.com; ortalyk.kaz@mail.ru
Жарнама бөлімі: ortalyk.reklama@mail.ru



Газет жеткізілмесе
41-26-82, 43-57-88
телефонына хабарласыңыздар.

«БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ
Есеп-шот: kz50826MOKZTD2003131,
БИК KСJВKZХХ БИН 000840001412

Таралымы 4 638

№11 тапсырыс. Индекс 65484
Офсеттік басылым. Көлемі 2 баспа табақ.

Бағасы келісім бойынша
«Типография Арко» ЖШС баспаханасында басылды.
Қарағанды к., Сәтбаев к., 15.
Газеттің компьютерлік орталығында теріліп, беттелген.
Кезекші редактор Салтанат ІЛІЯШ